

«Мектепке дейінгі білім берудің заманауи моделі: ерте даму, ұлттық құндылықтар және бастауыш білім берумен сабақтастық» мектепке дейінгі білім беру саласы педагогтерінің панельдік секциясын өткізу туралы АҚПАРАТ

Ағымдағы жылдың 26 тамызында меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан Астана қаласында білім беру қызметкерлерінің тамыз конференциясы аясында «Мектепке дейінгі білім берудің заманауи моделі: ерте даму, ұлттық құндылықтар және бастауыш білім берумен сабақтастық» мектепке дейінгі білім беру саласы педагогтерінің панельдік секциясы өтті.

Панельдік секция жұмысына мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің 400-ден астам педагогтері мен мамандары қатысты. Оның ішінде Білім басқармалары /ОӘО басшыларының орынбасарлары, бөлім басшылары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша жауапты мамандар; әдістемелік орталықтар мен кабинеттердің облыстық аудандық/қалалық білім бөлімдерінің әдіскерлері; мобильді топтар мен құзыреттілік орталықтарының жұмысына жетекшілік ететін әдіскерлер; мемлекеттік және жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, педагогтері Қазақстандық мектепке дейінгі ұйымдар қауымдастықтарының құрылтайшылары, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі білім беру департаментінің және Балаларды ерте дамыту институтының басшылары мен өкілдері ат салысты.

Секция жұмысында келесідей мәселелер талқыланды:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы мемлекеттік саясат және жаңа оқу жылының басымдықтары ;
2. Ерте дамыту – баланың табысты болашағының кепілі;
3. «Тілге бойлау», «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» жобаларын іске асыру;
4. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау жүйесін жетілдіру бағыттары;
5. Мектепке дейінгі білім берудегі құзыреттілік орталықтарының тиімді тәжірибесі;
6. Заманауи педагог – сапалы мектепке дейінгі білімнің негізгі кепілі;
7. Жасанды интеллект және цифрлық технологиялар: мектепке дейінгі білім берудің жаңа мүмкіндіктері;
8. Ұлттық құндылықтар негізінде бала тәрбиесі: отбасы, балабақша және қоғам сабақтастығы.

Панельдік секция жұмысының соңында ұсыныстар айтылып, секцияның жұмысы қорытындыланып, ұсынымдар қабылданды. Сондай-ақ, панельдік секция аясында интерактивті алаңдардың жұмысы төрт бағыт бойынша ұйымдастырылды.

№1 «Әр балаға – мүмкіндік»;

№2 «Ұлттық тәрбие отбасында басталады»;

№3 «Замануи педагог - цифрлық көшбасшы»;

№4 «Балабақша-болашақтың білім беру кеңістігі».

Интерактивті презентациялар, диалогтық сессиялар, мастер-кластар, пікірталастар және практикалық кейстер форматында қатысушылар балалардың ерте дамуы, инклюзивті білім беру, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, ұлттық өзін-өзі тану мәселелерін талқылады, сондай-ақ жеке ерекшеліктері мен өмірлік жағдайларына қарамастан өз әлеуетін ашу үшін жағдай жасауға бағытталған инновациялық шешімдерді ұсынды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын арттыру, заманауи дамытушы орта құру, Инновациялық педагогикалық технологияларды, цифрлық шешімдерді енгізу, балалардың зерттеу және шығармашылық белсенділігін дамыту, сондай-ақ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын арттыру үшін жасанды интеллектті, цифрлық білім беру ресурстарын және заманауи платформаларды қолдану мүмкіндіктерін қарастырды.

Конференция аясында мектепке дейінгі ұйымдар үшін заманауи оқу, әдістемелік, цифрлық және дамытушы ресурстарды көрсетуге бағытталған «Мектепке дейінгі білім берудегі инновация: идеядан тәжірибеге дейін» тақырыбында көрме өтті. Көрме педагогтерге тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруға арналған заманауи құралдар мен материалдарды ұсынатын компаниялар өкілдерінің қатысуымен өтті.

Сонымен қатар, көрмеде Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарының педагогтерінің озық жұмыс тәжірибесі таныстырылды. Атап айтқанда, «Ақылды кітапхана» жобасы арқылы жасанды интеллект пен QR-кодтарды пайдалану, «SANA» үстелі арқылы интерактивті дамыту технологиялары, «Тілге бойлау» жобасы арқылы қазақ тілін меңгерту және ұлттық құндылықтарды насихаттау мүмкіндіктері, «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» жобасы шеңберінде түрлі шеберханалар мен шеберлік сыныптары, сонымен қатар құзыреттілік орталықтары тәжірибесінде 3D Mapping технологиясы және «Ұлттық IQ авторлық ойындары» арқылы балалардың танымдық, логикалық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамыту тәжірибелері ұсынылады.

Панельдік секция отырысының соңында ұсыныстар айтылып, секцияның жұмысы қорытындыланып, ұсынымдар қабылданды және секция жұмысына белсенді қатысушылар мен спикерлер марапатталды.